

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РГП на ПХВ «ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.М.АУЭЗОВА» МОН РК



ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

📍 160012, город Шымкент, проспект Тауке хана, 5
☎ (8-725-2) 21-01-41, факс: (8-725-2) 21-01-41
✉ canselyarya@mail.ru, info@ukgu.kz
📱 @official.ukgu.kz
🌐 @auezov_university

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

«БЕКТЕМИНЬ»

Ректор

тар.ғ.д. академик Қожамжарова Д.П.

« 28 » 2020 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B07182 - Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары

Тіркеу номері	6B07100102
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B07- Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B071- Инженерия және инженерлік іс
Білім беру бағдарламаларының тобы	B064- Механика және металл өңдеу
Білім беру бағдарламасының түрі	колданыстағы
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқу тілі	қазақ, орыс, ағылшын
Типтік оқу мерзімі	4 жыл
Оқу нысаны	күндізгі
Білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығы, кем емес	241 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-
Әлеуметтік серіктес(ҚББ)	-

Шымкент, 2020 ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	Қолы
Волненко А.А.	«Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор	
Корганбаев Б.Н.	«Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының доценті, т.ғ.д.	
Досмақанбетова А.А.	«Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының доценті, т.ғ.к.	
Оспанов Б.О.	«Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының доценті, т.ғ.к.	
Пазилова Г.Д.	«Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының аға оқытушысы	
Сейткасимова Л.А.	«Технологиялық машиналар мен жабдықтар» кафедрасының аға оқытушысы	
Рустем А.	ММГ-17-7к тобының студенті	
Дербисов Н.Б.	«TAU GEMISI» ЖШС директоры	
Абдибаев Н.М.	«Қарқын-2030» ЖШС директор орынбасары	
Гаппаров Д.	«Шымкент сыра қайнату зауыты» ЖШС директоры	
Рахипбекова Ж.О.	«Рахат-Шымкент» ЖШС директоры	
Абилядаев Е.	«Uly dala onimderi» ЖШС директор орынбасары	



Білім беру бағдарламасы «Механика және мұнайгаз ісі» факультетінің Әдістемелік комиссиясында қаралды, «18» 02 2020 ж. № 7 хаттама.

ӘК төрайымы  Досмақанбетова А.А.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

«26» 02 2020 ж. № 4 хаттама.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

«28» 02 2020 ж. № 10 хаттама.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе.....	5
1.	Білім беру бағдарламасының паспорты.....	7
2.	Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері.....	8
3.	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттері.....	9
4.	Білім беру бағдарламасының модульдер кескінінде меңгерілген кредиттер көлемімен көрсетілген жиынтық кесте.....	11
5.	Пәндер туралы мәліметтер.....	12
	Келісім парағы.....	31
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі.....	32
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды.....	35

Кіріспе

1. Қолдану аясы

ҚР Білім және ғылым министрлігінің ШЖҚ РМК М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде 6B07182 – «Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар дайындауды жүзеге асыруға арналған.

2. Нормативтік құжаттар

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (04.07.2018 ж. енгізілген өзгертулермен толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылдың 31 қазанында №17657 болып тіркелген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығына 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтыруларымен;

Кәсіби стандарт. Технологиялық жабдықты жөндеу - "Атамекен" ҚР ҰКП, 30.12.2019 ж. №269.

Кәсіби стандарт. Сынақтарды өткізу - "Атамекен" ҚР ҰКП, 30.12.2019 ж. №269.

Кәсіби стандарт. Еттен және үй құсы етінен жасалған өнімдер өндірісі - №40 қосымша, "Атамекен" ҚР ҰКП, 26.12.2019 ж. №263.

Кәсіби стандарт. Тауық жұмыртқасынан жасалған пастерленген ұнтақ және сұйық өнімдер өндірісі - №40 қосымша, "Атамекен" ҚР ҰКП, 26.12.2019 ж. №263.

Кәсіби стандарт. Ашытқы өндірісі - №40 қосымша, "Атамекен" ҚР ҰКП, 26.12.2019 ж. №263.

Кәсіби стандарт. Сусындар өндірісі - №40 қосымша, "Атамекен" ҚР ҰКП, 26.12.2019 ж. №263.

Салалық біліктілік шеңбері "Тамақ өнеркәсібі" - Алматы, 2019 ж.

3. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің миссиясына сәйкес және білімі үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін, кәсіпкерлік дағдыларды игерген, үш тілді еркін меңгерген, тұжырымдамалық, аналитикалық және логикалық ойлауға қабілетті, кәсіби қызметке шығармашылықпен қарайтын, ұлттық және интернационалдық ұжымда жұмыс істеуге қабілетті, өмір бойы оқу стратегиясын қолдайтын еліміздің зияткерлік элитасын дайындауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен, Дублин дескрипторларымен, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберінің 1 циклімен, (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area), сонымен қатар өмір бойы білім алу үшін Еуропалық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен (The European Qualification Framework for Lifelong Learning) үйлесімділікте.

Білім беру бағдарламасы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген ғылыми-зерттеу, тәжірибелік және кәсіпкерлік қызметтің қажетті түрлерімен байланысты кәсіби және әлеуметтік тапсырысқа бағытталған.

6B07182 – «Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары» білім беру бағдарламасының ерекшелігі бітіруші түлектердің тамақ өндірісінің барлық салаларына қатысты жан-жақты білім алуы болып табылады.

Білім беру бағдарламасы Болон процесінің принциптерін, студенттерді орталықтандыра оқыту, қол жетімділік пен инклюзивтілікті қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру арқылы оқыту нәтижелеріне жетуді мақсат тұтады.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелеріне келесідей оқу іс-шараларын жүзеге асыру арқылы қол жеткізіледі:

- аудиториялық сабақтар: дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтар – инновациялық оқыту технологияларын, ғылым, технологиялар мен ақпараттық жүйелердің жана жетістіктерін қолдану арқылы жүргізіледі;

- сабақтан тыс сабақтар: білім алушының өзіндік жұмысы, оның ішінде оқытушының басшылығымен, жеке кеңес беру сабақтары;

- кәсіптік практиканы жүргізу, выполнение курстық және диплом жұмыстарын (жобаларын) орындау.

Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдауға, білім алушыға көрсетілген төзбеушілік және кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғауға байланысты шаралар қабылданған.

Білім беру бағдарламасының сапасы оны әзірлеуге және бағалауға стейкхолдерлерді тарту мен оның мазмұнына жүйелі түрде мониторинг және шолу жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2018ж. №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген.

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Мамандық бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Тамақ өнеркәсібінде технологиялық машиналар мен жабдықтарды жобалау және қызмет көрсету саласындағы ақпараттық-аналитикалық, кәсіпкерлік және ғылыми-зерттеу қызметіне техника және технология бакалаврын бәсекеге қабілетті дайындау.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- қоғамда әлеуметтік-жауапкершілікті тәртіпті қалыптастыру, кәсіби әдеп нормаларын түсіне білу және оны сақтау;

- бүкіл өмір бойы оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін, кәсіби мансапта кездесіп отыратын барлық өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын базалық бакалавр дайындығын қамтамасыз ету;

- жалпы жоғары интеллектуалдық даму деңгейіне жету үшін жағдай жасауды, сауатты, әрі жетік сөйлей білуді, ойлау мәдениеті мен тамақ өндірісі саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларымен қамтамасыз ету;

- интеллектуалдық, физикалық, рухани, эстетикалық жағынан дамуы, олардың мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін немесе келесі оқу деңгейлерінде оқуын жалғастыруларына жағдай жасау.

1.2 Біліктілік және қызметтер тізімі

Осы білім бағдарламасы бойынша бітірген түлекке 6B07182 - «Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технологиялар бакалавры дәрежесі тағайындалады.

6B07182 - «Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары» мамандығы бойынша бакалаврлар (ғылыми-зерттеу мекемелерінде, конструкторлық және жобалық ұйымдарда) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы №201-ө-м бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамасындағы біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қойылмастан технологиялық машиналар мен жабдықтардың мастері, монтажшысы, инженері және механигі, баптау және сынау жөніндегі инженер; жөндеу жұмыстары инженері; инженер-жобалаушы; өндірістік учаскенің немесе цехтың мастерлері мен бастықтары; аппаратшылар, күрделі машиналар мен жүйелердің операторлары; кіші және аға ғылыми қызметкерлер, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, конструкторлық және жобалау ұйымдарында жетекші конструкторлар бастапқы қызметтерін атқара алады.

1.3 Білім беру бағдарламасын бітірген түлекке біліктілігі туралы сипаттама

1.3.1 Кәсіби қызмет саласы

Кәсіби қызмет саласы: тамақ өнеркәсібінің ұйымдары (кәсіпорындары); монтаждық, реттеу, жөндеу ұйымдары (кәсіпорындары); жобалау-конструкторлық ұйымдар; ұйымдастыру немесе басқару ортасы; сервистік-қызмет көрсету ортасы; педагогикалық және ғылыми-зерттеу қызметі; сондай-ақ әртүрлі меншік түріндегі фирмалар болып табылады.

1.3.2 Кәсіби қызмет нысандары

Бітіруші түлектердің кәсіби қызмет нысаны болып тамақ және шағын қайта өңдеу өндірістерінің машиналары, аппараттары және технологиялық желілері; технологиялық жабдықтарды монтаждау, жөндеу және жөндеу; жобалау-конструкторлық және ғылыми-зерттеу қызметі; зауыттық зертханалар; орта кәсіптік білім беру ұйымдары табылады.

1.3.3 Кәсіби қызмет пәндері

6B07182 - «Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары» мамандығы бойынша бакалаврдың кәсіби қызмет пәндері: технологиялық машиналар мен жабдықтар; энергетикалық жабдық; жүріс жабдығы; жұмыс жабдығы; машина жетегінің жүйесі; қозғалысты басқару жүйесі; оператордың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі; машинаның барлық бөліктерін орналастыруға арналған жалпы корпус; конструкциялық және пайдалану материалдары; технологиялық машиналарды дайындауға, сынауға және кәдеге жаратуға арналған жабдық; технологиялық машиналарға техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған жабдық; машиналарды дайындауға және пайдалануға арналған бақылау-өлшеу аспаптары; машиналардың жұмыс процестерін автоматтандыруға арналған; машиналарды жобалауға арналған жабдық.

1.3.4 Кәсіби қызмет түрлері

6B07182 - «Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары» мамандығы бойынша бакалавр келесі кәсіби қызметтерді атқара алады:

- есептеу-жобалау қызметі;
- өндірістік-технологиялық қызмет;
- эксперименттік-зерттеу қызметі;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет;
- монтаждық-реттеу қызметі;
- сервистік-пайдалану қызметі.

2. Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері

ОН1. Кәсіби орта мен социумда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде, пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту дағдыларына ие болу

ОН2. Кәсіби қызметте жаратылыстану-ғылыми, математикалық, қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, кәсіпкерлік және инженерлік білімді, деректерді математикалық өңдеу әдістерін, теориялық және эксперименталды зерттеулерді, нормативтік құжаттарды және экономикалық талдау элементтерін қолдана білу.

ОН3. Кәсіпорынның экономикалық жағдайын талдау, кәсіби және қоғамдық қызметтегі құқықтық нормаларды пайдалану, кәсіпкерлік дағдыларын игеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды және кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру, әлеуметтік білімді қолдану арқылы, нарықтың әртүрлі құрылымдары туралы түсінікке ие болу

ОН4. Машина бөлшектері мен тораптарын есептеудің стандартты әдістерін, машиналардың кинематикалық сұлбаларын, механикалық берілістерді жобалай отырып, есептеу сұлбаларын жасай білу, механикалық берілістерді жобалау, машина бөлшектеріне арналған конструкциялық материалдарды таңдау арқылы, нақты қолданбалы есептерді шешу үшін механиканың негізгі заңдары мен әдістерін пайдалана білу.

ОН5. Өндірістік қызметтің қауіпсіздігі мен экологиялығын арттыру бойынша іс-шараларды жүргізе білу, аз қалдықты, энергия үнемдейтін және экологиялық таза технологиялар мен жабдықтарды әзірлеу үшін қазіргі заманғы әдістерді қолдана отырып, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалық және құқықтық актілерді меңгере білу.

ОН6. Технологиялық процестерді оңтайландыру әдістерін қолдана отырып және технологиялық машиналардың сенімділігін қамтамасыз ете отырып, берілген технологиялық жағдайлар үшін гидромеханикалық, механикалық, гидронеуматикалық машиналар мен жетектердің құрылысы туралы білімді қолдана білу.

ОН7. AutoCAD жүйесінде жұмыс істеу дағдысын игере отырып, жұмыс жобасын және техникалық құжаттаманы әзірлей білу, жабдықтарды құрастыру кезінде сенімділік теориясының негізгі ережелерін қолдану, жобаланатын жобалардың стандарттарға, техникалық шарттарға, нормативтік құжаттарға сәйкестігін тексере отырып, инженерлік есептерді орындау.

ОН8. Қоршаған ортаны инженерлік қорғаудың заманауи әдістері мен құралдарын қолдана отырып, гидромеханикалық, термодинамикалық, жылу, массаалмасу процестерінің негізгі заңдылықтарын пайдалану, тамақ өндірісінде қолданылатын машиналар мен аппараттардың

құрылысы мен жұмыс істеу принципін білу, өндірістік-технологиялық қызметтің міндеттерін шеше білу.

ОН9. Технологиялық жабдықтарды таңдау, көтеру-тасымалдау жұмыстарының кешенді механизациясын қолдану, технологиялық жабдықтарды орналастыруды және жұмыс орындарын техникалық жабдықтауды қамтамасыз ету арқылы, тамақ өндірісінің технологиялық желілерін жобалау үшін құрылымдық схемаларды әзірлеу.

ОН10. Аппарат жасаудың базалық бөлшектерін жасау үшін технологиялық процестерді әзірлеу, бөлшектерді дайындау маршруттарын құру, кәсіби қызметте жаратылыстану-ғылыми пәндердің негізгі заңдарын қолдану арқылы, жаңа техниканы жасау және игеру және өндірісті дамыту негізі ретінде жобалау-конструкторлық және технологиялық қызметтің міндеттерін шеше білу.

ОН11. Ғылым мен техниканың ғылыми-техникалық дамуының негізгі мәселелерін біле отырып, жылуэнергия- және ресурс үнемдеу бойынша іс-шараларды әзірлеу қағидаларын ұсына білу, құрылымдық шешімдерді салыстырмалы техникалық-экономикалық талдау және процестерді зерттеудің инновациялық әдістерін қолдана отырып, өндірістің технологиялық процестерін оңтайландыру.

ОН12. Сервистік-пайдалану, монтаждау-реттеу қызметінің міндеттерін шеше білу, қызмет көрсететін құрылғылар мен жабдықтардың жарамды жағдайын, авариясыз және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, берілген пайдалану қасиеттері бар конструкцияларды құрастыру және дәнекерлеудің әр түрлі тәсілдерін қолдана отырып, монтаждау, баптау және сынау кезінде техникалық құжаттаманы жүргізуді жүзеге асыру және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтай білу.

ОН13. Жеке және команда мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу, өз көзқарасын дұрыс қорғау, өз іс-әрекеттерін түзету және әртүрлі әдістерді қолдану, "Minor" қосымша бағдарламасы аясында қосымша кәсіби құзыреттілікті кеңейту.

3 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

3.1 Білім беру бағдарламасы бойынша оқуын табысты тәмамдау түлектің келесідей құзыреттіктерін қалыптастыруға ықпал етеді:

- шешуші құзыреттіліктер (ШҚ)
- кәсіби құзыреттіліктер (КҚ).

Шешуші құзыреттіліктер:

ШҚ1 ана тілі саласында

- әлеуметтік-гуманитарлық білім беру саласында ұғымдарды, ой, сезім, фактілер мен пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) білдіру және түсіну қабілетін, сондай-ақ оқу кезінде, жұмыста, үйде және бос уақытында лингвистикалық және шығармашылық тұрғыдан жан-жақты қоғамдық және мәдени контексттегі түрде меңгеру қабілеті;

ШҚ2 шет тілдері саласында

- шет тіліндегі коммуникациялардың негізгі дағдыларын – кәсіби саладағы ұғымдар, фактілер мен пікірлерді тиісті әлеуметтік және мәдени контексте ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) түсіну, білдіру және түсіндіру дағдыларын, медиация және мәдениетаралық түсінік дағдыларын меңгеру қабілеті;

ШҚ3 іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық дайындық

- ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқытуда білім беру әлеуетін, тәжірибесі мен жеке қасиеттерін қолдана білуге дайын болу және меңгеру, кәсіби міндеттерді шешуде бақылау және бағалау тәсілдерін айқындау, математикалық және жаратылыстану-ғылыми жағынан ойлауды дамыту қабілеті;

ШҚ4 компьютерлік

- жұмыста, бос уақытта және коммуникацияларда заманауи ақпараттық және сандық технологияларды сенімді, әрі сыни тұрғыда пайдалану, оларды қолдануда, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, таныстыру және компьютер арқылы ақпарат алмасу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласында Интернет арқылы ынтымақтас желілерде қарым-қатынас жасау және қатысу қабілеті;

ШҚ5 әлеуметтік

- қоғамдық пікірге, дәстүрлер, салттар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға өзінің кәсіби қызметінде сүйене білу қабілеті; Қазақстан халықтарының мәдениетін білу және олардың дәстүрлерін сақтауға бағытталу; Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздерімен заңнамасын білу; қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу; түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс істей білу; мәмілеге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен сәйкестендіре білу; іскери әдеп нормаларын, әдеп және құқықтық нормаларды меңгеру; кәсіби өсу және жеке тұлға ретінде дамуға талпыну; командамен жұмыс жасай білу, өз көзқарасын жетік дәлелдей алу, жаңа шешімдер ұсына білу; басқа индивидтарға қатысты толеранттылық таныта білу қабілеті.

ШҚ6 экономикалық, басқарушылық және кәсіпкерлік

- экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін білу және түсіну; экономикалық білім негіздерін меңгеру; сыни ойлау, интерпретация, талдаудың креативтілігін, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды басқара білу, кәсіпкерлік дағдыларын көрсете білу қабілеті.

ШҚ7 мәдени дайындау

- Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін білу және түсіну, әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне толерантты болу, толеранттылықта төзімділік таныту, жоғары рухани қасиеттерге ие бола білу, зиялы адам ретінде қалыптасу қабілеті.

ШҚ9 қосымша құзыреті

- сыни ойлай білу, түсіндіру, шығармашылық талдау, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; креативті және белсенді өмірлік позициясы бар болуы; кәсіби сипаттағы тәуекел және белгісіздік жағдайларда шешім қабылдай алу қабілеті.

Кәсіби құзыреттер:

КҚ1. Жобалық шешімдерді әзірлеуге техникалық тапсырмаларды дайындау, тамақ өндірісі саласының бәсекеге қабілетті өнімдерін әзірлеудің озық тәжірибесін және жобалауды автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып техникалық әзірлемелердің эскиздік, техникалық және жұмыс жобаларын әзірлеу қабілеті.

КҚ2. Тамақ өнеркәсібінің технологиялық машиналары мен жабдықтары саласында теориялық және практикалық білімді меңгеру, аз қалдықты технологияларды, энергия үнемдейтін экологиялық таза технологиялар мен тамақ өнеркәсібіндегі жабдықтарды жасай білу.

КҚ3. Өндірістік-технологиялық, сервистік-пайдалану және монтаждау-реттеу бөлімшелерінің құрылымдарын, ұйымдастыру-техникалық құжаттаманы әзірлеуге қатысу қабілеті.

КҚ4. Тамақ өнеркәсібіндегі жылу-масса алмасу процестері туралы пәндік саладағы мәселелердің қазіргі жай-күйін талдау қабілеті; қойылған міндеттерді шешу, процестің мақсатын анықтауға дайын болу, жобалау міндеттерін қоюды жүзеге асыру.

КҚ5. Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының технологиялық жабдықтарын пайдалану және жөндеудің прогрессивті әдістерін қолдана білу, машина бөлшектерінің пайдалану сенімділігін жоғарылатудың жоғары тиімді технологияларын қолдана білу.

3.2 Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері мен модульдердің жалпы қалыптасқан құзыреттіліктері ара қатынасының матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12	ОН13
ШҚ1	+	+	+										
ШҚ2	+	+									+		+
ШҚ3		+	+		+					+		+	
ШҚ4		+	+	+	+	+					+	+	
ШҚ5	+	+		+							+		+
ШҚ6		+	+				+		+		+		+
ШҚ7	+	+								+	+		+
ШҚ8		+				+			+		+	+	+
КҚ1		+		+	+	+	+	+	+		+	+	
КҚ2		+	+	+	+		+			+			
КҚ3			+	+	+		+		+		+		
КҚ4				+	+		+	+			+		+
КҚ5	+	+		+	+	+		+	+	+	+	+	+

4.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕР КЕСКІНІНДЕ МЕНГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІМЕН КӨРСЕТІЛГЕН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ

Оқу курсы	Семестр	Менгерілген модульдер саны	Оқылатын пәндер саны			KZ кредиттер саны					Барлығы сағатпен	Барлығы кредит KZ	Саны	
			МК	ЖООК	ТК	Теориялық оқу	Дене шынықтыру	Оқу практикасы	Өндірістік практика	Қорытынды аттестат тау			дана	диф. сынақ
1	1	4	3	3	2	28	2				900	30	7	1
	2	4	5	2	1	28	2	1			930	31	5	3
2	3	4	2	2	4	28	2				900	30	6	2
	4	5	2	3	3	25	2		3		900	30	4	4
3	5	4	1		5	30					900	30	5	1
	6	4		1	3	24			6		900	30	3	1
4	7	3			4	20					600	20	4	
	8	3			4	20					600	20	4	
	9								8	12	600	20		
итого			13	11	26	203	8	1	17	12	7230	241	38	12

5. Пәндер туралы мәліметтер

Модуль атауы	ЦИК Л	ЖОО К/ТК	Компонент атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит ер саны	Қалыптасат ын ОН (кодтары)
Қоғамдық ғылымдар модулі	ЖБП	МК	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Отандық тарихтың тұжырымдамалық негіздерін жіктеуге, шығу тегін, қазақ мемлекеттілігінің сабақтастығына және қазіргі Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне түсінік береді. Қазақстанның азаттық қозғалысы идеологиясын және әлеуметтік-экономикалық жаңғырту кезеңдерін қалыптастырудағы ұлттық интеллигенцияның қызметіне талдау жүргізеді. Демократиялық құқықтық мемлекеттің құрылуын сипаттайды.	5	ОН 2 ОН 3
	ЖБП	МК	Философия	Философияның пайда болу негіздерін қарастырады, "философия" "дүниетаным" ұғымдарын, "болмыс", "сана" ұғымдарының мәні мен мазмұнын ашатын ойлау мәдениетінің пайда болу ерекшеліктерін анықтайды. "Таным" және "шығармашылық" ұғымдарының арақатынасын қарастырады, еркіндік философиясы санатының мәні мен мазмұнын ашады. Философиялық мәселенің мәнін, сыни ойлауды, философиялық аспектілерді, практика мен таным мәселелерін зерттеу дағдыларын бөліп алу дағдыларын дамытады.	5	ОН 2 ОН 3
Әлеуметтік- саяси білімдер модулі	ЖБП	МК	Әлеуметтану және саясаттану	Әлеуметтану теориясын, қоғамның әлеуметтік құрылымы мен стратификациясын зерттейді, қоғамдағы саясаттың рөлі мен орнын түсіндіреді, саяси ғылымның, оның ішінде жастар саясатының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін, қоғамдық өмір жүйесіндегі саясаттың рөлін қарастырады, мемлекеттің мәнін ашады, мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасын анықтайды. Әлеуметтік зерттеу, әлеуметтік-саяси ақпаратты талдау дағдыларын дамытады	4	ОН 2 ОН 3
	ЖБП	ЖОО К/ТК	Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Экологияның негізгі заңдарын, әртүрлі саладағы ластанудың көздері мен сипаттамаларын, экологиялық мәселелерді шешу жолдарын қарастырады. Өнеркәсіптік кәсіпорындардағы тіршілік қауіпсіздігі негіздерін оқытады. Қоршаған ортаның	3	ОН 5 ОН 8 ОН 9

				қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларда адамды қорғау саласында басқару құралдары мен әдістерін қолданады, өндірістік қызметте зиянды және қауіпті факторларды анықтайды.		
	ЖБП	ЖОО К/ТК	Кәсіпкерлік дағдылары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздер	Фирманы ұйымдастыру, кәсіпкерлік қызметті жүргізу туралы білімді қалыптастырады. Өнімді өндіру мен сатуды бизнес-жоспарлау, нарықтарға талдау жүргізу; пайданы, кірісті, рентабельділікті, төлем қабілеттілігін, фирманың өтімділігін есептеу дағдыларын қалыптастырады. Сыбайлас жемқорлықтың мәнін, факторларын қарастырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, мәдениетті қалыптастырады. Сыбайлас жемқорлыққа азаматтық ұстанымды қалыптастырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың моральдық санасының құндылықтарын іске асырады. Сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдау дағдыларын қалыптастырады.	3	ОН 2 ОН 3
	ЖБП	ЖОО К/ТК	Экономика және құқық негіздері	Нарықты, бәсекелестікті, сұранысты, ұсынысты дамытудағы мемлекеттің ролін қарастырады. Шығындарды, кірісті, айналым және капитал айналымының көрсеткіштерін есептеу дағдыларын үйретеді. Өндіріс факторларының нарықтарын, факторлық табыстарды сыни зерттеуге мүмкіндік береді. Құқық бойынша білімді қалыптастырады. Болып жатқан оқиғалардың заңдылығын талдау дағдысын, нормативтік актілерге сілтеме жасау дағдыларын үйретеді. Құқықтық сананың, құқықтық мәдениеттің деңгейін көтереді.		ОН 2 ОН 3 ОН 5 ОН 11
	ЖБП	МК	Мәдениеттану және психология	Мәдениет морфологиясының негіздерін зерттейді, мәдениет анатомиясына сипаттама береді және оның семиотикалық сипатын ашады, ежелгі Қазақстан аумағындағы архаикалық мәдениет туралы түсінік береді, қазақ мәдениетінің қалыптасуының негізгі кезеңдерін қарастырады, қазіргі әлемдік үдерістер контекстінде қазақ мәдениетінің мәнін ашады және Қазақстанның мәдени саясатының негіздері туралы түсінік береді.	4	ОН 2 ОН 3
Коммуникативті ұтқырлық	ЖБП	МК	Қазақ (орыс) тілі	Тұлғааралық, әлеуметтік, мәдениаралық қарым-қатынас саласында орыс (қазақ) тілінде когнитивті және	10	ОН 1 ОН 2

модулі				коммуникативтік қызметті дамытады. Пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік-маңызды нормаларды талқылау дағдыларын, командада жұмыс істеу қабілетін, ұжымда өзара іс-қимыл жасайды, икемділігі мен креативтілігі бар. Мәтін ақпаратын интерпретациялаудың практикалық дағдыларын дамытады, қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы стильдік, жанрлық ерекшелігін түсіндіреді.		
	ЖБП	МК	Шетел тілі	Студенттердің ағылшын тілінде мәдениетаралық қарым-қатынас жасау және ағылшын тілінде кәсіби қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілетін қалыптастырады, бұл бакалаврға таңдаған қызмет саласында табысты жұмыс істеуге мүмкіндік береді, ой-өрісін кеңейтеді, еңбек нарығында оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін кәсіби біліктер мен дағдыларды жетілдіреді.	10	ОН 1 ОН 2
	ЖБП	МК	Дене шынықтыру	Кейінгі өмірлік және кәсіби жетістіктер мақсатында дене тәрбиесі құралдарын және дене шынықтыру - спорт қызметімен сабақтардың ұйымдастыру-әдістемелік нысандарын саналы және шығармашылық пайдалану арқылы дене тәрбиесі қажеттілігін, салауатты өмір салтына орнықтыруды және денсаулықтың жоғары деңгейін ұстап тұруды қалыптастырады.	8	ОН 2 ОН 13
	БП	ЖОО К	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Студенттерді белгілі бір тілдік білім көлеміне оқытуды қарастырады, сонымен қатар кәсіби сипаттағы білімдер мен ақпаратқа ие болады, осылайша, жаратылыстану және гуманитарлық бейіндегі маманды оқытуды кәсібилендірудің тезисін жүзеге асырады. Кәсіби қызметтің түрлі салаларындағы қарым-қатынастың өзекті міндеттерін орыс (қазақ) тілі құралдарымен шеше алатын маманның коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады.	3	ОН 1 ОН 2 ОН 12

	БП	ТК	Латын жазуы негізіндегі қазақ әліпбиі	Қазақ дыбыстарын олардың айтылу ерекшеліктерін ескере отырып қалыптастырады. Латын графикасы негізінде қазақ сөздері мен сөз тіркестерінің фонетикалық ерекшеліктерін зерттейді. Латын әліпбиі негізінде сауатты жазу дағдыларын дамытады. Латын графикасын қолдана отырып, қазақ тіліндегі мәтіндерді оқу іскерлігін үйретеді. Коммуникативтік дағдылар мен сөйлеу біліктерін дамытады.	3	ОН 1 ОН 2
	БП	ТК	Қазақ тіліндегі сөйлеу мәдениеті және коммуникация	Әдеби қазақ тілінің нормаларын талдайды. Қазақ тілінде сөйлеу мәдениетін қалыптастырады, фразеологиялық айналымдарды, мақал-мәтелдерді қолдану арқылы ауызша және жазбаша сөйлеуді дамытады. Тұлғааралық және кәсіби коммуникацияларда қазақ тілін қолдану дағдыларын үйретеді.		ОН 1 ОН 2
	БП	ТК	Кәсіби бағытталған шетел тіл	Кәсіби шет тілін оқыту тәжірибесін ұсынады. Ауызша және жазбаша кәсіби – бағытталған қарым-қатынас кезінде оқу процесін құру дағдылары мен заңдылықтарын үйретеді. Тілдік білім беруді қарастырады: құрылымы, функциялары және негізгі компоненттері, кәсіби – техникалық қарым-қатынас саласында шет тілді сөйлеу қызметінің түрлеріне оқыту.	3	ОН 1 ОН 7 ОН 12
	ЖБП	МК	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (ағыл.тілінде	Компьютерлік жүйелерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді білуді үйретеді. Ақпаратты іздеу және сақтау үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану бойынша іскерлікті дамытады, электрондық кестелермен, деректер қорымен жұмыс істейді. Ақпаратты қорғау әдістері мен құралдарын қолданумен; веб-сайттарды, мультимедиялық презентацияларды жобалаумен және жасаумен таныстырады. Электрондық үкімет пен электрондық оқулықтарды, түрлі бұлтты мобильді технологияларды пайдалану және SMART технологияларды басқару дағдыларын үйретеді.	5	ОН 1 ОН 2 ОН 4 ОН 7
Инженерлік-техникалық ғылымдар негіздері	БП	ЖОО К	Жоғары математика	Матрицалар мен анықтағыштарды, векторлық алгебра элементтерін шешу әдістерін, кешенді сандарға әрекет жасай білу, аналитикалық геометрия элементтерін қолдана білу, түзу және жазықтықтағы теңдеулер түрлерін ажырата білу. Екінші ретті қисықтармен, формулаларды және дифференциалдық	4	ОН 2 ОН 4 ОН 10

			есептеу әдістерін бір айнымалының функциясымен қолдану дағдыларымен, әртүрлі функциялардың интегралын шешу, Ньютон-Лейбниц формуласын қолдану дағдыларымен таныстырады.		
БП	ЖОО К	Физика	Негізгі физикалық теориялар мен принциптерді, зерттеудің физикалық әдістерін, негізгі заңдар мен олардың қолданылу шектерін қарастырады, нақты физикалық есептер мен жағдайларды шешу үшін теориялық білімді қолданады, физикалық эксперименттің нәтижелерін талдайды. Физикалық эксперимент жүргізу, өлшеу құралдарымен жұмыс істеу, алынған деректерді жеке және командада есептеу және өңдеу дағдыларын үйретеді.	4	ОН 2 ОН 4 ОН 8 ОН10
БП	ТК	Құрастыру негіздері және машина бөлшектері	Машина жасау бұйымдарына қойылатын талаптардың жиынтығын ескере отырып, машиналар мен механизмдерді жобалау және құрастыру негіздерін қарастырады. Жұмыс қабілеттілігінің өлшемдері бойынша машиналардың бөлшектері мен тораптарының инженерлік есебін ұсынады. Қазіргі заманғы есептеу техникасын пайдалана отырып жобаланатын машиналар мен механизмдердің оңтайлы параметрлерін табу және бөлшектердің экономикалық орынды және сенімді өлшемдерін анықтау дағдыларын үйретеді.	5	ОН 4 ОН 7 ОН 10
БП	ТК	Қолданбалы механика	Механизмдердің негізгі түрлерінің динамикалық, кинематикалық, күштік және құрылымдық қасиеттерін, осы схемаларды зерттеу және жобалау іскерлігін зерттейді. Химиялық-технологиялық процестерді зерттеу және әзірлеу кезінде машиналардың, механизмдердің, аспаптардың кең таралған бөлшектері мен тораптарының беріктігі мен қаттылығын есептеу саласындағы білімді қолданады. Машина жетегінің түрін және оның құрастырушы тораптарын ұтымды таңдау, механизмдерді пайдалануға сауатты қарау бойынша дағдыларды бекітеді.		ОН 4 ОН 7 ОН 10
БП	ТК	Конструкциялық материалдар технологиясы	Металдар мен қорытпалардың құрамы, құрылымы мен қасиеттері арасындағы байланысты, термиялық, химиялық және механикалық әсер ету әсерінен осы қасиеттердің өзгеру	3	ОН 4 ОН 7 ОН 10

			зандылықтарын; материалдарды дайын бұйымдарға өңдеудің негізгі технологиялық процестерін қарастырады. Конструкциялық материалдардың механикалық қасиеттерінде, конструкциялық материалдарды өңдеудің әр түрлі түрлерінде құзыретті.		
БП	ТК	Материалтану	Материалдардың құрылысы мен қасиеттерін зерттейді, жылу, механикалық, химиялық және физикалық әсер ету кезінде олардың құрамы, құрылысы мен қасиеттері арасындағы байланысты орнатады. Металдар мен қорытпалардың кристалдану және құрылым түзілу процестерінің заңдылықтарын, оларды термоөңдеу негіздерін, металдарды коррозиядан қорғау тәсілдерін қарастырады. Техникалық талаптарға сәйкес қажетті конструкциялық материалдарды таңдаудың практикалық дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.		ОН 4 ОН 7 ОН 10
